

Батыс Қазақстан облысында автомобиль көлігімен жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты ауданаралық (облысшілік қалааралық) тасымалдау тарифін белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 163 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 3961 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысында автомобиль көлігімен жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты ауданаралық (облысшілік қалааралық) тасымалдау тарифі 1 километрге 6,0 теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.03.2023 № 58 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Батыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы (М. Ғ. Қуаншалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Н. Т. Төреғалиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің
міндетін атқарушы

А. Өтеғұлов

КЕЛІСІЛДІ:

Батыс Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы

М. Құлшар

"08" 07. 2015 ж.